

ШІЛДЕДЕН БАСТАП СТУДЕНТТЕРДІҢ ШӘКІРТАҚЫСЫ ӨСЕДІ

Белгілі болғандай: бакалаврларға — 20 пайызға (41 898 теңгеден 47 135 теңгеге дейін, ал педагогика бағытында оқытындарға 67 200 теңгеден 75 600 теңгеге дейін); магистранттар мен докторанттарға — 15 пайызға (97 024 теңгеден 107 061 теңгеге дейін, докторанттарда тиісінше 217 500 теңгеден 240 000 теңгеге дейін). "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша оқытын докторанттардың шәкіртақысы — 217 500 теңгеден 240 000 теңгеге дейін; "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша резидент дәрігерлер мен магистранттарға — 111 579 теңгеден 123 122 теңгеге дейін.

ОРТА БІЛІМ ТУРАЛЫ АТТЕСТАТТАРДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ 2027 ЖЫЛҒА ДЕЙІН АЯҚТАЛАДЫ

Білім беру саласын цифрландыру жұмысы белсенді түрде жалғасуда. Биыл алғаш рет негізгі орта және жалпы орта білім туралы аттестаттар eGovMobile мобильді қосымшасы арқылы цифрлық форматта қолжетімді болды, деп хабарлайды ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Қазіргі уақытта мобильді қосымшада биылғы жылғы түлектердің аттестаттары қолжетімді. Алдыңғы жылдардағы түлектердің аттестаттарын толық цифрландыру 2027 жылға дейін кезең-кезеңмен жүргізіледі:

2024 жылы — осы жылдың түлектерінің аттестаттары;
2025 жылы — 2010-2023 жылдардағы түлектердің аттестаттары;
2026 жылы — 1991-2009 жылдардағы түлектердің аттестаттары;
2025 жылғы 1 қаңтардан бастап сұраныс бойынша 1991 жылға дейін берілген аттестаттар цифрлық форматта қолжетімді болады.

Сонымен қатар техникалық және кәсіптік білім беру дипломдарын цифрландыру жалғасуда:

2024 жылы — 2004-2023 жылдары берілген дипломдар;
2025-2026 жылдары — 2004 жылға дейін берілген дипломдар цифрландырылады.

Бұл түлектер мен олардың отбасыларына қолайлы жағдай жасау және білім беру құжаттарына қолжетімділікті оңайлатуға бағытталған қадам.

ЖЕТІСАЙДА БІР МЕКТЕПТЕН 27 ТҮЛЕК «АЛТЫН БЕЛГІ» ИЕГЕРІ АТАНДЫ



Түркістан облысы, Жетісай ауданы Б.Момышұлы атындағы №6 мектеп-гимназиясында мектеп түлектеріне арналған аттестаттарды тапсыру салтанаты өткізілді. Биылғы оқу жылында мұн-

да 88 оқушы аяқтаған. Оның ішінде 27 түлекке — «Алтын белгі» және 14 түлекке — «Үздік аттестат» тапсырылды.

— Бүгінгі күн баршамыз үшін жүрек тебірентіп, көңіл толқытатын сәт. Олай

дейтіміз мектеп қабырғасында ұлағатты ұстаздар қауымының тәлім-тәрбиесін алып, білім нәрімен сусындап өскен ұл-қыздарымыз жаңа өмір әлеміне нық сеніммен қадам басқалы тұр. Сапарларың оң болсын, жас түлектер! — деді мектеп-гимназия директоры Шохан Нұрбеков.

Жалпы өткен аптаның соңында 11 жыл бойы үздік атанған түлектер өздері оқыған білім ордасында «Алтын белгі» табысталды. 2023-2024 оқу жылында Түркістан облысында 1704 түлек «Алтын белгі» иесі атанды. Сондай-ақ 2400 оқушы «Үздік аттестат» алды.

Айта кетейік, биыл мемлекеттік қорытынды емтихан 9-сынып оқушылары үшін 29 мамырдан бастап, 10 маусым аралығында жүргізілді. Ал 11-сынып оқушылары 28 мамырдан 11 маусым аралығында қорытынды емтихандарын тапсырды.

27 САРБАЗҒА БІЛІМ ГРАНТТАРЫ ТАБЫСТАЛДЫ

18 маусымда Шымкентте ҚР ПМ Ұлттық ұланы 6506 әскери бөлімінің саптық алаңында белгіленген қызмет мерзімін өтеген 1-2023 шақырылым сарбаздарын запасқа шығаруға арналған салтанатты іс-шара өтті, деп хабарлайды ҚР ПМ Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының баспасөз қызметі

Іс-шара барысында мерзімді қызмет сарбаздарына тегін негізде жоғарғы оқу орнына оқуға түсу туралы сертификаттар табысталды.

Айта кету керек, Шымкент жедел бригадасының 400-ге жуық әскери қызметшісі бағалы сертификаттар алуға үміткер болды. Тек 27-сі ғана жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік алды.

Бұл жоба азаматтарды мерзімді әскери қызметке ынталандыру және әскердің беделін арттыру мақсатында

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен жүзеге асырылды.

Іс-шараға әскери бөлімнің басшылығы, ардагерлер, сондай-ақ өзара іс-қимыл жасайтын органдардың өкілдері қатысты.

— Сіздердің қызмет кезеңіңізде жауынгерлік сайысты орындау бойынша нәтижелерге қол жеткізілді және Сіздердің күш-жігерлеріңіздің арқасында бөлімнің алдына қойылған барлық қызметтік-жауынгерлік міндеттер орындалды. Сіздер Отанның ұлттық және қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге лайықты үлес қостыңыздар, барлық жүктелген міндеттерді абыроймен орындадыңыздар, — деді 6506 әскери бөлімінің командирі полковник Марат Рахпанов өз сөзінде.

Білім сертификатының

гранттар берілетінін білдім. Бұл тамаша мүмкіндік. Менің



иергерлерінің бірі Ерасыл Бабан болды. Ол Абай облысының тумасы. Қызметтің 12 айында ол өзін жақсы жағынан көрсетті және әртүрлі жетістіктері үшін 739 ұпай жинады.

— Әскерде қызмет ету - әр адамның міндеті. Мұнда мен үздік әскери қызметшілерге жоғары оқу орындарында

күш-жігерім жоғары бағаланды, мен Тәуелсіз Қазақстанымызды дамыту үшін міндетті түрде жоғары білім аламын, — деп уәде берді Ерасыл.

Айта кету керек, мерзімді әскери қызметтен өткен сарбаздар осы сертификаттармен ЖОО-ға екі жыл ішінде түсе алады.

ЕЛІМІЗДІҢ ҮШІНШІ ШАҒАРЫ ТАҒЫ БІР ӘСЕМ ГҮЛЗАРМЕН ТОЛЫҚТЫ



5 жыл бұрын мегаполисте филиалы ашылған "VI-Group" компаниясының өкілдері қаламызда бірқатар тұрғын үй гимараттарын салып,

өз бизнестерін өрге домалатты. Енді, қаланың өркендеуіне өз үлестерін қосып, шаһарымызды одан әрі көркейтіп, дамыту мақсатында "Big Top" гүлзарын салып, өздерінің қолтаңбаларын қалдырды. Нысанның ашылуына қала әкімі Рабит Сыздықбеков арнайы қатысып, жергілікті тұрғындармен тілдесті. Халықты жаңа гүлзардың ашылуымен құттықтаған шаһар басшысы, демалыс аймағын күтіп ұстаудың маңыздылығына тоқталып өтті. Себебі, көздің жауын алатын гүлдер мен жасыл өскіндер көпшіліктің көзайымына айналуы тиіс. Аумағы 1,1 гектарды құрайтын демалыс аймағы заман талабына сай жасалған. Аллеяға келген қала тұрғындары өз алғыстарын білдіріп, қаламыздың көркейіп келе жатқанына дән-риза.

Айта кетейік, Шымкент қаласының аумағында қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасымен күтіп-ұсталынатын 10 саябақ, 45 гүлзар мен аллея бар.

АВТОВУС ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ АВТОБУСТАРДЫҢ БАҒЫТЫН ҚАДАҒАЛАЙ АЛАСЫЗДАР

Мобильді қосымшалар бүгінде көп жұмысты жеңілдетуге өз септігін тигізуде. Мобильді қосымшалар - қарапайым сөзбен айтқанда, ол белгілі бір әрекеттерді орындайды және берілген мәселелерді шешуге арналған құрал. Бірақ кейіннен кәсіпкерлер қосымшаның бизнесі жүргізуге көмектесетінін түсінді. Сонымен қатар сіз өзіңіздің брендіңіздің хабарлап, сенімін арттыруға, жарнамалық науқандар жүргізуге және клиенттердің пікірлерін білуге мүмкіндік беретін мықты маркетингтік құралға айналдыруға болады. Соңғы жылдары мобильді қосымша-

ларды жүктеу арқылы «айшылық талыс жерлерден, жылдам хабар алғызу» мүмкіндігіне ие болды. Жергілікті жерге бағытталған мұндай қосымшалар ішкі және сыртқы туризмнің дамуына да өз септігін тигізуде. Шымкент қаласында осыған дейін тұрғындар мен қала қонақтарына жайлы болуы үшін мобильді қосымша арқылы бірқатар қызметтер алуға мүмкіндік бар еді. Енді тұрғындар Avtobus мобильді қосымшасы арқылы Bluetooth, NFC, QR кодтары және контактісиз банк карталары арқылы жол ақысын оңай төлей алады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАНЫМАЛ ТУРОБЪЕКТІЛЕР ЕНДІ 3D ФОРМАТТА ҚОЛЖЕТІМДІ



Үшөлшемді форматтағы бейнелер Қазақстанның барлық өңірлер бойынша ең танымал туристік бағыттары туралы ақпаратты қамтиды. Портал USAID қолдауымен әзірленді, деп хабарлайды «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ.

3D карталар - бұл біздің танымал жерлеріміздің егжей-тегжейлі және интерактивті көрінісін қамтамасыз ету арқылы туристердің тәжірибесін айтарлықтай жақсартатын құрал.

Телефон немесе компьютер арқылы Маңғыстаудың Марс планетасына бейнелі көріністерінен Марқакөл көліне дейін Қазақстанның ең керемет жерлерін көруге болады.

Туристер сапар алдында қол жетімді көрікті жерлерді виртуалды түрде VR (виртуалды шындық көзілдірігі) арқылы ендік, бойлық және биіктік сипаттамасы бойынша зерттей алады.

Бұл бейнелер білім беру саласы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, үшөлшемде толыққанды бейнелерге сүйеніп, кейбір тарих және география сабақтарын өткізуге болады.

«Біздің еліміздің кең аумағында экспедициялық, мәдени-тарихи және шытырман оқиғалы туризм үшін шексіз мүмкіндіктер жасырылған. Мұндай сапарлар – бұл пандемиядан кейінгі трендке айналған жеке және шағын топтарда сахаттау үрдісі ғана емес, сонымен қатар біздің аймақтың тарихы мен мәдени ерекшелігіне терең үйлену ерекше мүмкіндігі. Біз USAID агенттігіне осы жобаны қаржыландырғаны үшін алғысымызды білдіріп, оны жалғастырамыз деген үміттеміз, өйткені Орталық Азияда біз өзіміз үшін де, шетелдік турист үшін де ашық қымыз келетін көптеген әдемі жерлер өлі де

бар», - деп бөлісті Kazakh Tourism Ұлттық компаниясының Басқарма Төрағасы Қайрат Садуақасов.

Сілтемелер / Ссылки:

- Шарын Каньоны / Каньон Шарын <https://3dmapcentral.asia/kz/#h82/46.3/7.0/120.0>
- Бурабай <https://3dmapcentral.asia/kz/#h19/51.8/10.9/120.0>
- Оқжетпес (Бурабай) <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h18/1.8/-3.8/120.0>
- Астананың өн салатын субұрқағы / Поющий фонтан Астаны <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h1/14.2/0.0/105.8>
- EXPO <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h2/-9.7/25.2/120.0>
- Нұржол Бульвары / Бульвар Нұржол <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h4/-179.2/1.4/120.0>
- Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері / «А. Л. Ж. И. Р.» <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h6/-144.5/24.1/120.0>
- Әзірет Сұлтан Мешіті / Мечеть Хазрет Сұлтан <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h6/-144.5/24.1/120.0>
- Алматыдағы Успен соборы / Успенский собор в Алматы <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h10/10.5/17.5/111.2>
- Астана президенттік паркі / Президентский парк Астаны <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h10/10.5/17.5/111.2>
- Астананың салтанатты аркасы / Триумфальная арка Астаны <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h14/-179.3/31.7/120.0>
- Астананың орталық саябағы / Центральный парк Астаны <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h16/1.4/-13.3/120.0>
- Бозоқ Қалашығы / Городище Бозоқ <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h88/-119.2/11.5/120.0>
- Ақжар бор таулары / Меловые горы Ақжар <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h28/-157.8/-3.2/119.0>
- Арал теңізінің түбі / Дно Аральского моря <https://www.3dmapcentral.asia/kz/#h36/-159.0/14.8/120.0>

2024 ЖӘНЕ 2025 ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛДАРДЫҢ ҚАЙ УЧАСКЕЛЕРІ АҚЫЛЫ ЖОЛҒА АЙНАЛАДЫ?

2024 жылы барлығы 11 учаскені, 2025 жылы жалпы ұзындығы 3,3 мың шақырымды құрайтын тоғыз учаскені ақылы ету жоспарлануда. Ақылы жолда жүру құны жолдар санатына және көлік түрлеріне байланысты болады.

2024 жылы мыналар төленеді:

- Қызылорда — Арал (455 км учаске);
- Ақтөбе — Ресей шекарасы Орынбор (92 км);
- Қандыағаш — Мақат (332 км);
- Шу — Бурылбайтал (184 км);
- Үшарал — Достық (180 км);
- Тараз қаласын айналып өту (57 км);
- Қостанай — Денисовка (169 км);
- Балқаш — Бурылбайтал (91 км);
- Қарағанды қаласын айналып өту (48 км);
- Ақтау - Бейнеу (454 км);
- Қостанай — Ресей шекарасы Троицк (163 км).

2025 жылы мыналар төленеді:

- Талдықорған — скемен (768 км учаске);
- Қарағанды - Балқаш (363 км);
- Атырау — Астрахань (277 км);
- Бурылбайтал — Күрті (228 км);
- Балқаш — Бурылбайтал (197 км);
- Меркі — Шу (78 км);
- Ақтөбе — Қандыағаш (96 км);
- Күрті — Қонаев (67 км);
- Жетібай — Жаңаөзен (58 км)

ӘР АУДАНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫ АШЫЛАДЫ

Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Заң 16 маусымда күшіне енеді. Құжатта 2 бағыт бойынша түзетулер көзделген. Отбасыларға көмек ұйымдастыру, қиын жағдайдан шығару функциясы өлеуметтік басқармаға жүктелді. Себебі, бұған дейін өкімдіктерде бұл мәселеге жауапты басқарма болмады. Отбасылар мен зорлық-зомбылықты анықтау үшін жедел әрекет ету топтарының құрылуына байланысты түзетулер көзделген. Сондай-ақ әр ауданда Отбасын қолдау орталықтары ашылатын болады. ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкілі Динара Закиева ОКҚ алаңында осылай деді.

Оның айтуынша, мұндай орталықтар психологиялық көмек көрсетеді. Олар 3 жыл бойы пилоттық негізде жұмыс істейді. Мамандар агрессорлармен психологиялық жұмыс жүргізеді, оларды үйден көшіру, балалар арасындағы зорлық-зомбылықты, суицид-

тік көңіл-күй мен буллингті анықтап, оларға арнайы көмек ұйымдастырады.

«Сонымен қатар осы Заңда жергілікті жерлердегі бала құқықтары жөніндегі уәкілдерге қатысты түзетулер көзделген. Осы институт бұрын заңмен реттелмеген. Және 111 телефонына қатысты нормалар көзделген. Екіншіден, Заңда жазаны біраз қатандату үшін түзету көзделген. Ұрып-соғуға және денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге қатысты қылмыстық жауапкершілік көзделген. Орташа мен ауыр зиян келтіруге бас бостандығын шектеу деген жазаны алып тастадық. Себебі, ол нақты жаза емес, бұл жаза бойынша, адам үйде отырады», — деді спикер.

Балаларға қарсы зорлық-зомбылық үшін татуласу рәсімі алынып тасталды. Бұрын қылмыстардың 30%-ы татуласумен аяқталатын. Балаларға жыныстық сипатта тиісу деген жаңа бап енгізілді. Педофилияға тек өмір бойы бас бостандығынан айыру көзделген.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК МӘСЕЛЕЛЕРІ Ж НІНДЕГІ CALL-ОРТАЛЫҒЫН ІСКЕ ҚОСТЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ ОНКОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ CALL-ОРТАЛЫҒЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

8 (7172) 570 950

Осы нөмірге хабарласып, онкологиялық көмектің қолжетімділігі мен сапасы мәселелері бойынша өтініш қалдыруға болады, оның ішінде емделудің және көмек көрсетудің бас тарту жағдайлары туралы хабарлауға болады.

Денсаулық сақтау министрлігі онкологиялық көмек көрсету мәселелері бойынша нөмірі 8 (7172) 570 950 болатын республикалық call-орталықтың жұмысын бастады.

Осы нөмірге хабарласып, онкологиялық көмектің қолжетімділігі мен сапасы мәселелері бойынша өтініш қалдыруға болады, оның ішінде емделуден және көмек көрсетуден

бас тарту жағдайлары туралы хабарлауға болады. Әрбір шағым мұқият қаралып, тиісті медициналық көмек көрсету бойынша шаралар қабылданатын болады.

Бетті дайындаған: Арайлым ӘДІЛХАНҚЫЗЫ

«ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ЖАСТАР» КОНЦЕПЦИЯСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Әскер қатарына шақырылған азаматтар үшін жүйеде көптеген өзгеріс енгізіліп жатыр. Олар психологиялық тестілеуден өтеді. Әскери бөлімдерді тексеріп, тамақ пен ұйқы сапасын бақылауға мүмкіндік бар. Бұл жайлы ҚР ҚМ Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаментінің бастығы, әділет полковнигі Тілеухан Басқожаев ОКҚ алаңында мәлімдеді.

«Әскерге шақырылатын жасқа дейінгі балаларға қатысты, былтыр Бүкілармиялық кеңесте Президент осы «Жас сарбаз» қозғалысын ұлттық деңгейге көтеру бойынша тапсырма берді. Былтыр «Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру» концепциясын қабылдадық. Ол концепция аясында, бірқатар дербес «Әскери қыран», «Әскери бүркіт» деген әскери-патриоттық клубтар бар, соның бәрін біркелкі жүйеге келтіріп, бір бағдарлама, керек болса, бір киім үлгісіне келтіру, бір үлкен ұжым құру жоспарда бар. Бұл жұмыстың нәтижесін жақында көресіздер», — деп сендірді спикер.

ҚАЗАҚСТАННАН ҚАНТ ЭКСПОРТТАУҒА УАҚЫТША ШЕКТЕУ ЕНГІЗІЛДІ

«Қант өкетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 11 маусымдағы № 196 бұйрығымен 2024 жылғы 31 тамызға дейін ел аумағынан, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қант өкетуге уақытша шектеу енгізілді.

Шектеу ҚР аумағы арқылы халықаралық қант транзитіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше бір мемлекеттің аумағынан Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағына қант тасымалдауға қатысты қолданылмайды.

Бұйрық 2024 жылғы 14 маусымнан бастап күшіне енді.

Қант шығаруға уақытша шектеу шараларын белгілеу туралы шешім Сыртқы сауда саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияда 2024 жылғы 6 мамырда қабылданды.

Айта кетейік, жазғы кезеңде ішкі нарықта қант тұтынуының халық тарапынан да, индус-



триялық тұтынушылар тарапынан да өсуі байқалады. Осыған байланысты, қант өкетуге уақытша тыйым салу ішкі нарықты қамтамасыз ету және оның кері экспортын болдырмау мақсатында енгізілді.

Тұтастай алғанда, қазіргі уақытта елдегі қант қоры қант қызылшасының жаңа өнімі басталғанға дейін қантқа деген сұранысты қамтамасыз ету үшін жеткілікті.

Бұдан бөлек, отандық қант зауыттары қант өндіру үшін үшінші елдерден қамыс шикізатын өкелуді жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта Министрлік өнеркәсіптік қайта өңдеу үшін шикі қантты бажсыз әкелуге өтінімдер қабылдауды жалғастыруда.

Естеріңізге сала кетейік, ЕЭК аясында Қазақстан Республикасы үшін ағымдағы жылы 300 мың тонна көлемінде шикі қант бажсыз әкелуге квота келісілді.

Мемлекет басшысы туризмді дамыту жөнінде кеңесінде ең алдымен, туризм әлемдік экономиканың қарқынды дамуына ықпал етіп отырған әрі инвесторлар үшін тартымды сала екенін атап өтті.

— Бүгінде әлемдік жалпы өнімдегі туризмнің үлесі 9 пайыздан асты. Яғни, пандемияға дейінгі деңгейге қайта келді деуге болады. Дүниежүзіндегі жұмыс орындарының шамамен 10 пайызы туризмге тиесілі. Әрбір төртінші жұмыс орны осы салада ашылып жатыр. Көрсетілетін қызметтер бойынша әлемдік экспорттың 30 пайызы, инвестицияның 7 пайызы және салық түсімдерінің 5 пайызы туризм арқылы түседі. Қазақстанда туризмнің барлық түрін дамытуға мол мүмкіндік бар, экологиялық туризмнен бастап бизнес туризміне дейін дамытуға болады, — деді Президент.

Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндетін оның барлық саладағы, оның ішінде экономикалық қызмет саласының және әрбір ұлттық кәсіпорынның немесе ұйымның бәсекеге қабілеттілігі жоғарылағанда ғана шешуге болады.

Осы бағыттардың ішінде Қазақстанда ең кенжелеп дамып келе жатқан қонақ үй қызметі болып табылады. Қонақ үйлер дамуының негізі халықаралық туристік бизнестің бір бөлігі ретінде зерттеледі. Дегенмен, қонақ үй индустриясы көбіне бөлек қызмет саласы болып табылады.

Қазақстанда аталмыш бизнес ұлттық жалпы өнімге салымы 5 миллиард теңгеден асады, ұлттық қызметтер нарығының жалпы көлемінің 6 пайыздан астамын және халыққа демалыс қызметтерін құратын барлық қызметтердің 68,9 пайызын құрайды. Бастапқыда бұл деректер аса маңызды

БЕС ЖҰЛДЫЗДЫ ҚОНАҚ ҮЙДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



емес сияқты өсер қалдырады. Бірақ елдегі қонақ үй бизнесі өте маңызды саяси, әлеуметтік және психологиялық функцияларға ие - ол келушілер алдында ел туралы өсер қалдыратын, оның имиджін қалыптастыратын алғашқы шымылдығы болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы қонақ үй бизнесінің жағдайы елдің сыртқы экономикалық байланыстарының дамуына, оның әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялану жолдарына және ұлттық экономикаға шетелдік инвесторларды тартуға үлкен өсер етеді.

90-шы жылдары қонақүйлерді толтыру өте қиын деңгейде болса, бүгінде бізде шамамен 40% (жылдық орташа толтыру) бар. Бұл дегеніміз, қонақ үй бизнесі дамуының тағы бір алғышарты.

Қазақстанда қызмет көрсету нарығының және оның белсенді элементі ретінде қонақ үй бизнесінің қызмет ету ерекшеліктерін талдауды қажет етеді.

Дегенмен, қонақ үй индустриясы өркендеп келеді. Бұған халықаралық қонақ үй желілерінің келуі дәлел. Бұл нарықтың ірі халықаралық қонақ үй

желілері үшін перспективті екенін мойындау. Біздің қазақстандық бизнесмендер туризм инфрақұрылымына, шағын қонақ үйлер мен кемпингтер салуға айтарлықтай қаржы құйып жатыр. Сондықтан да жаңа заманауи қонақ үйлердің пайда болуы қалаларды тартымды етіп, туризмнің дамуына айрықша серпін береді.

Президент Үкіметке Маңғыстау облысының әкімдігімен бірге Каспий жағалауындағы туризм инфрақұрылымының сапасын арттыру үшін қонақ үй және мейманхана бизнесінің әлемдік брендтері мен франшизаларын тартумен белсенді айналысуды тапсырды. Мұндай тәжірибе кез-келген аймаққа артықтық етпейді.

ткен аптада Шымкент қаласының әкімі Фабиет Сыздықбеков әйгілі “Hilton” халықаралық желісінің қонақ үйінің құрылысы аумағында капсула салу рәсіміне қатысты. Шымкент сити шағынауданында бой көтерген бес жұлдызды қонақ үйді 2026 жылы ашу жоспарлануда.

Бес жұлдызды қонақ үйлердің ерекшелігі — жекелендірілген қызмет көрсету, кең ауқымды ыңғайлылық және ең жоғары сән-салтанатты ұсынатын жиһаздар болуы тиіс. Қонақ үйлер үшін стандартты бағалау жүйесі болмаса да, қонақ үйлер қонақтарға жайлылық, декор және сән-салтанат бойынша ең жоғары үміттерді қанағаттандыратын немесе одан асатын тәжірибе ұсына отырып, 5 жұлдызды тану-

ға қол жеткізеді.

Мегаполис басшысы қонақ үй кешенінің жобасымен танысып, оның құрылысын бастауды тапсырды.

“Мұндай нысандар туристік әлеуетті дамытуда ғана емес, қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыруда да маңызды. “Hilton” - өлемге әйгілі бренд. Болашақта қонақ үй қаламызды толықтырып, туристер мен барлық қонақтар үшін тартымды етеді”, - деді Г.Сыздықбеков.

Қонақ үйде 167 бөлме, ballroom, мейрамханалар, фитнес-орталық және бірнеше конференц-зал бар. Құрылыстың арқасында 200-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады.

Сонымен қатар, қала әкімі ұлттық стильде салынған “Qazaq Hotel” қонақ үйіне барды. Жобаны іске асыру нәтижесінде 30 жұмыс орны құрылды. Жаңа қонақ үйде 64 заманауи және жайлы бөлмелер бар. Қонақтардың жайлылығы үшін қосымша қызметтер — мейрамхана, SPA-салон, конференц-зал және автотұрақ қарастырылған.

Жалпы Шымкентте 150-ге жуық орналастыру орны бар. Оның жетпісінде, атап айтсақ, қонақ үйлер, хостелдер және демалыс үйлері тәжірибеде қолданып келеді. Жыл өткен сайын барлық нысанға “eQonaq” бірыңғай ақпараттық жүйесін орнатылып келеді.

Қонақүйлер жалпы 3, 4 жұлдызды және 5 жұлдызды болатын болса, Шымкент қаласында бүгінде бір ғана 5 жұлдызды Rixos Khadisha Shymkent қонақ үйі ғана бар еді, енді Шымкент Сити аумағында “Hilton” халықаралық желісінің қонақ үйі бой көтерсе үшінші мегаполисте бұл екінші 5 жұлдызды қонақ үй болмақ. Әрине, бұл өз кезегінде Шымқаланың туристік әлеуетін арттырады.

Олимпиада ойындары спорт пен салауатты өмір салтын насихаттаудың маңызды құралы болып табылады. Олар әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдардың назарын аударып, қоғамдағы физикалық белсенділік деңгейін арттыруға жағдай жасайды. Сондай-ақ, Олимпиада ойындары өткізілетін елде халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, халықтар мен елдер арасындағы бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етеді.




Олимпиада ойындары ежелгі гректер үшін өте маңызды оқиға болды. Олардың кезеңінде соғыстар тоқтап, бүкіл Грецияның тұрғындары спортшы немесе көрермен ретінде қатысу үшін жиналды. Сол кезеңдегі ұлы спортшылардың даңқы күні бүгінге дейін сақталған.

Олимпиадаларға қатысу адамның ой-өрісін кеңейтіп, абстрактті және логикалық ойлауды жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Олимпиадалық ойындардың құндылығы сол: демократия, интернационализм, барлық адамдар мен ұлттардың теңдігі, нәсілдік, діни және саяси айырмашылықтарға қарамастан ұлттар арасындағы өзара құрметпен ұштасқан шынайы патриотизм рухында тәрбиелеу.

Олимпиадаға қатысу — бұл өз күшіңді сынауға, нені жақ-

ОЛИМПИАДА 2024: БАСТЫСЫ ЖЕҢҮ ЕМЕС, ҚАТЫСУ



сы істеп жатқаныңды және нені әлі де жетілдіру керектігін түсінуге мүмкіндік. Спортшы өзгелердің жетістігін көріп, шынымен де диплом алып, сыйлық алуға болатынына көз жеткізеді. Бұл оны дамытуға, көбірек білуге және алға ұмтылуға ынталандырады.

Бүгінгі таңда, Олимпиада

ойындарына Шымкенттен 12 спортшы қатысады. Атап айтқанда, нысана көздеуден Никита Чирюкин мен Ирина Юнусметова, бокстан Сабырхан Махмуд, Таеквондодан Абабакиров Самирхон, сөмсерлесуден Алимжанов Эльмир мен Сертай Ерлік, стенд атудан Мария Дмитриенко,

байдарка және каноэ есуден Сергей Емельянов, Руфина Исакова, Сергей Токарницкий, грек-рим күресінен Әлімхан Сыздықов, көркем гимнастикадан Эльжана Таниева жолдама жеңіп алды.

Сондай-ақ, екі спортшымыз жүзу спортынан (Максим Сказобцов), күзге өрмелеуден (Тамара Улжабаева) бақ сынады.

Олимпиадалық қозғалыстың дамуы бүкіл өлем үшін өте маңызды, өйткені ол мынадай маңызды мақсаттарды көздейді: жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеу; Барлық олимпиадалық спорт түрлерін сапалы

дамыту; Олимпиада бағдарламасына әлі енгізілмеген аз танымал спорт түрлерін дамыту; Адамдарға дұрыс бастауға көмектеседі

XXXIII жазғы Олимпиада ойындары 2024 жылдың 26 шілдесі мен 11 тамыз аралығында өтеді.

Франция, Париж қаласы, 2017 жылдың 13 қыркүйегінде Перудің Лима қаласында өткен ХОК-тің 130-шы сессиясында 2024 жылғы Олимпиада ойындарының қабылдаушы қаласы болып бірауыздан сайланды.

Айта кету керек, бұрын 1900 және 1924 жылдары Олимпиада ойындарын өткізген Париж Ұлыбритания астанасы Лондоннан (1908, 1948 және 2012) кейін үш рет Олимпиада ойындарын өткізген екінші қала болады.

Сондай-ақ, 2024 жыл Париж-1924 ойындарының жүз жылдығымен, сонымен қатар Франция өткізген алтыншы Олимпиада ойындарымен атап өтіледі.

Париж-2024 Олимпиада ойындарының бағдарламасы 32 спорт түрінен тұрады.

Бағдарламаны және негізгі 28 олимпиадалық спорт түрлеріне арналған ойындардың жалпы тұжырымдамасын жақсарту үшін, қосымша ретінде брейк-данс, спорттық альпинизм, скейтбординг және серфинг тандалды.

Бетті жинақтап дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.

БАТЫР БАБАНЫҢ ТАРИХИ ЕРЛІГІ



Қазақ тарихында ерекше тебіреніспен еске алынатын дәуір жоңғарларға кескілескен, қиын-қыстау заман елдің келешегіне, қазақтың ұлт болып сақталып қалуына қауіп төндірген XVII - XVIII ғасырлар еді.

Биыл Қарабатыр деп аталып кеткен Тілеуке Төбетұлының туганына 330 жыл! Шаян өзенінің жогарғы жағындағы Арыстанды жерінде дүниеге келген Қарабатыр қалмақ шапқыншылығында көзге түскен.

Батырдың жорық жолдары туралы Түркістанда республикалық конференция өтті. Тарихшылардың келтірген деректері тарихтың біз білмеген парағын ашты.

16 жасында жалаң қолмен жолбарысты жайратып ауыл арасында жүректілігімен көзге түскен бозбала, жаугершілік заман басталғанда жасақ құрып, қол бастаған батырға айналды. Қаратау етегін, Түркі-

станды қорғады. Төле бимен бірге Шыназда шайқасты. Ташкентте қамал салды. Хандарға серік болды, елшілікте жүрді. Бұланты, Аңырақай, Ойрантөбеде қол бастады. 60 жасқа дейін аттан түспей елдік жолында қаза тапты. Конференция «Сіргелі қара Тілеуке» деректі фильмінің көрсетуімен басталды. Пленарлық отырысты тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Хазіретәлі Маханұлы жүргізіп отырды. Конференцияға арнайы келген Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Қанат Еңсе-

нов қазақ халқының батыры жайында баяндама жасады. Тілеуке батыр тарихи деректерде Тілеуке, Тілеулі және Қарабатыр деп айтылып келген. Тарихи тұлға алып денелі, қараторы, келбеті сұсты және қаһарлы көрінуіне байланысты «Қарабатыр» атанып кеткен. Тілеуке жас кезінде елдің ортасында батырға тән бітім, болмысымен танылған. Атақты Бұқар жырау қазақ-қалмақ шайқасына байланысты жиырма сегізінше толғауында: «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі қара Тілеуке, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, Құдаменді Дәулет қасында Бақ дәулеті басында, Сенгірбай мен Шойбек бар, Таңсық қожа Мәмбет бар, Қасқарау Малдыбай, Қатардан жақсы қалдырмай, Айнақұл, Бәти ішінде, өңкей батыр жиылып, Абылай салды

жарлықты»- деп жырланған, деп баяндамасын қорытындыланды.

Жалпы баяндамашылар Тілеуке Төбетұлының өмір сүрген кезеңі, оның ерліктерінің тарихы, батыр туралы тың деректер, жорық жолдары, соңғы шайқас алаңы Ойрантөбе туралы мол мағлұмат берді. Сондай-ақ, батыр, замандастары Абақ Керей Қожаберген батыр, Көлеген Ер Бәйменбет батыр, Аббан Әжібай батыр Найманбайұлы, Қанжығалы Әлібек батыр, Қанжығалы Айтбай батыр Аткалтірулы тағы басқа туралы баяндама тыңдалды.

“Жақсының аты өшпейді, батырдың даңқы өшпейді” деген халық. Тарих қойнауында қанша көмескеленгенімен бір кездері еліне қамқор, жұртына пана болған боздақтар ел есінде. Шын асыл тот баспайды деген міне осы.

Конференцияға Машан батыр қорының төрағасы Ешпанов Орынбай, «Жаныс баба» қоғамдық қорының төрағасы, Ізбасаров Мақсұт тағы басқа зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

Конференцияға қатысушылар қоғамдық өмірдің әр саласында Сіргелі қара Тілеуке (Қарабатыр) Төбетұлының есімін насихаттайтын және ұлықтайтын түрлі шаралардың болуының қазіргі жастар арасында отансүйгіштікті қалыптастыруда маңызды үлес қосатынын атап өтті және конференция қорытындысы бойынша резолюция қабылдады.

Бағлан БАЙКӨБЕКҚЫЗЫ.

ТҮРКІСТАННЫҢ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ӨЗІРЛЕУ БАРЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан жұртшылығымен кездесуде Түркістан қаласына тарихи және рухани елорда мәртебесін беру мәселесін көтерген болатын. Осы бағытта жұмыс жүргізіліп, Түркістан қаласына рухани-мәдени және тарихи орталық ретінде дамыту үшін ерекше мәртебе беру туралы заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Бүгін Түркістанға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары — Үнзила Шапақ, Абзал Құспан және Нұрсұлтан Байтілесов пен жауапты министрлік өкілдері арнайы келді. Халық қалаулыларын облыс әкімі Дархан Сатыбалды арнайы қабылдап, бұл заңның маңызы туралы пікір алмасты.

— Түркістанның тарихи орны айрықша гой. Келешекте Түркі елдеріне ортақ іс-шаралардың бәрін осында өткізуді жоспарлап отырмыз. Соған сай әрі дайын болуымыз керек. Мемлекет басшысының қолдауымен тарихи шаһарды дамыту жұмыстары жүріп жатыр. Оған қоса қалаға ерекше мәртебе беру туралы Заң жобасы әзірленді. Бұл бастама қаламыздың дамуына тың



серпін береді деп ойлаймын. Қаланың өзіндік сәулет үлгісін сақтай отырып, ескерткіштерін қорғап, тарихи шаһар ретінде дамытуымыз қажет. Түркістанға келетін туристер қазақтың тарихынан, салт-дәстүрінен, мәдениетінен мағлұмат алып, танысатындай болуы тиіс. Оларға біздің ұлттық ерекшелігіміз, тарихымыз қызықтырақ. Аталған заң жобасы осы бағыттағы жұмысты жүйелеуге мүмкіндік береді, — деді Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Үнзила Шапақ Түркістанның тарихи орнын айшықтайтын Заң жобасы маңызды өрі керек құжат екенін айтты.

— Түркістанның ерекше мәртебесі туралы заң жобасын әзірлеу және қабылдау мәселесін Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов пен Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова ерекше бақылауға алып, жұмыс тобын құрды. Тиісті тапсырмалар берді. Бұл Заң жобасын ҚР Ұлттық экономика министрлігі ұсынды. Бір айта кетерлігі, бұл — Үкімет тарапынан қазақ тілінде әзірленіп, ұсынылған

алғашқы Заң жобасы. Осында тарихи мәні бар. Екіншіден, бұл Заң жобасын әзірлеуге халық та тікелей атсалысып, өз ұсыныстарын білдіруде. Сол пікірлерді тыңдап, Заң жобасына енгіздік. Ескерткіштерді қорғау, қаланы дамыту сынды бастамалар көрініс тауып отыр, — деді Үнзила Шапақ.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Абзал Құспан: «Дәстүрге негізделген Заң өміршең болады. Менің ойымша, Түркістанның мәртебесі туралы Заң жобасы қысқа болса да, тарихи маңызы жоғары болады. Біздің өңірге келу мақсатымыз — Түркістан тұрғындарының, зиялы қауым өкілдерінің ойларын, пікірлерін тыңдау, ұсыныстарын білу. Заңды бекітерде осы ұсыныстар ескеріледі. Тұрғындардың тұрмыс сапасы, мәдениеті, білімі көтеріліп, Түркістан заманауи өрі бөсекеге қабілетті шаһарлар қатарынан орын алады деген сенімдемін» деді.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұрсұлтан Байтілесов те өз пікірін айтты. Қос тарап халықпен кездесу өткізіп, жұмысты бірлесе, атқаруға уағдаласты.

Мақсат ТОҚСАНБАЙ.

НУЖНО УЧИТЬСЯ ХОРОШЕМУ, ОТВЕРГАЯ ВСЕ ПЛОХОЕ

Мудрость великого Абая может стать для нас ориентиром в современном мире.

Каждая из тем, озвученных Президентом Касым-Жомартом Токаевым на третьем заседании Национального курултая в этом году, достойна отдельного внимания. Каждая из них сегодня крайне важна и актуальна, и участники мероприятия с большим интересом обсуждали между собой поднятые вопросы, искали пути решения проблем. Хотел бы выразить свое мнение по нескольким из тем.

Во-первых, о роли человека труда в Казахстане. Как отметил Глава государства, «чтобы достичь наших созидательных устремлений, нам надо избавляться от разрушительных моделей поведения. Важно учиться всему хорошему и отвергать все плохое».

В нынешнее беспокойное время — в эпоху глобализации, цифровизации, стремительных изменений в мировом сообществе — нам всем приходится сталкиваться с новыми вызовами и трудностями.

Сегодня многие молодые люди выбирают инженерные профессии, которые высоко ценятся, в том числе в области Улытау — промышленном регионе. Да, нелегко в наше время найти высокооплачиваемую работу. Чтобы устроиться на желаемое место, нужны хорошие знания. И в последние годы Правительство Казахстана выделяет все больше грантов на обучение высококвалифицированных специалистов.

Считаю, что молодежь может и должна использовать все возможности для получения знаний, прилагать усилия для собственного развития. Усиление роли человека труда в обществе, о чем не раз говорил Президент, сегодня так же актуально, как никогда. Также я считаю, что необходимо стимулировать уважение к труду государственными наградами.

Еще одна злободневная тема — распространение чуждых религиозных идеалов, радикальных настроений. Глава государства вновь подчеркнул, что инородные нормы, обусловленные религиозным фанатизмом, нам чужды.

У Казахстана свой путь, поэтому с радикально настроенными согражданами нужно проводить более активную разъяснительную работу, в первую очередь имамам местных мечетей. Уверен, что соответствующие органы осведомлены о настроениях радикально настроенных исламистов. Если кто-то из них представляет угрозу обществу, то по отношению к ним нужно принимать законные меры.

Также я поддерживаю позицию, что нашим гражданам нужно читать больше книг, обращаться к мудрости предков. Слова назидания великого Абая были, есть и будут актуальны во все времена, и каждое из его напутствий может помочь нам найти свой ориентир в современном мире, полном вызовов и угроз.

Общественность также обеспокоена проблемой распространения наркотиков. В этот грязный бизнес активно вовлекаются несовершеннолетние, которые игнорируют возможные реальные сроки заключения и вред для здоровья.

Уверен, что неотвратимость строгого наказания за подобные прес-тупления может охладить пыл желающих примкнуть к этому преступному делу. Однако сегодня необходимо объединиться всем в борьбе и, самое главное, профилактике подобных правонарушений. Здесь должны быть солидарны семья, школа, полиция, врачи — вся общественность.

Нужна мощная и комплексная информационная кампания, которая отвлечет нашу молодежь от наркотиков, заставит их задуматься о реальном вреде как запрещенных препаратов, так и сигарет, алкоголя.

Түлеген БУКУРОВ,
почетный гражданин города
Жезказгана и Карагандинской области,
почетный металлург РК.

газета «Казахстанская правда» 30 мая, 2024 г.

50-ГЕ ЖУЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК НЫСАНЫ БОЙ КӨТЕРЕДІ

Түркістан облысында денсаулық сақтау саласында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Халыққа сапалы қызмет көрсету, жайлы жағдай жасауға ден қойылған. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша облыста 49 медициналық-санитарлық алғашқы көмек нысанының құрылысы жоспарланған. Атап айтқанда, 20 дәрігерлік амбулатория, 23 фельдшерлік-акушерлік пункт және 6 медициналық пункт. Түркістан облысының денсаулық сақтау саласын жетілдіру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар туралы Түркістан облысы әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде баяндалды. Бір басшысы құрылыс жұмыстарына жергілікті өндірушілердің материалдарын қолдануды тапсырды.

— Денсаулық сақтау саласындағы жұмыстарды жандандыру керек. Аурудың алдын алуға мән берілсін. Екіншіден, өңірде құрылысы жүріп жатқан медициналық нысандарға жергілікті өндірушілердің материалдары мен жаһаздарын қолдану керек. Барлығы өзімізде бар. Нысандар сапалы салынуы тиіс, — деді Дархан Сатыбалды.

Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдуәлиевтің мәліметінше, бүгінгі таңда «Ауыл — Ел бесігі» бағдарламасы аясында Баққоныс, Төрткөл, Көкпарсай елді мекендерінде 3 ФАП құрылысы жүргізілуде. Одан бөлек, 27 жобаға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржысы қаралып, конкурс жарияланды. Оның 20 жобасына жеңімпаз анықталып, келісімшарт түзілді. Қалған 7 нысан жеңімпазы анықталу үстінде.

Денсаулық сақтау нысандарының күрделі жөндеу жұмыстары бойынша 2023 жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық пилоттық жоба аясында Сарыағаш және Жетісай аудандық орталық ауруханаларында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, өткен жылы «Ауыл — Ел бесігі» бағдарламасы аясында Бөйдібек аудандық орталық ауруханасына қарасты «Алғабас» БМСКО нысанына толық күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға тапсырылды.

Биыл өңірдегі 8 денсаулық сақтау нысанына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Оның ішінде, Кентау қалалық орталық ауруханасы, Келес аудандық «Абай» ауруханасы, Бөйдібек ауданындағы «Боралдай» БМСКО нысандарының күрделі жөндеу жұмыстары басталып кетті. Кентау қалалық орталық ауруханасының жөндеу жұмыстары 2025 жылға өтпелі. Қалған 2 нысанның күрделі жөндеу жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарлануда. Сайрам аудандық орталық ауруханасы гимаратын күрделі жөндеуден өткізу үшін мемлекеттік сараптаманың оң қорытын-

дысы алынып, республикалық бюджетке ұсынылды. «Облыстық балалар ауруханасы», «Қарабұлақ» Сайрам аудандық ауруханасы, «Асықта» Жетісай аудандық ауруханасы, Созақ аудандық орталық ауруханасының, жалпы 4 жобаның ЖСҚ-сы мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Бұл жобалар 2025 жылға өтпелі.

Түркістан қаласында 570 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы жалғасуда. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының жалпы 77% аяқталды. Бұл жұмыстарға 300 адам тартылған. Премьер-Министрдің тапсырмасына сәйкес, жобаның есептері қайта жасалып, дайын гимаратты сатып алу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

өңірде ірі медициналық жобаларды жүзеге асыру жоспарланған. Атап айтсақ, «Сарыағаш қаласында перинаталды орталығы бар медициналық кешен құрылысы» бойынша Сарыағаш қаласынан 10,5 гектар жер телімі бөлініп, перинаталды орталық құрылысының жобалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Темірлан ауылында 200 төсек орындық заманауи перинаталды орталықтың құрылысы» жобасы бойынша Темірлан ауылында 8 гектар жер телімі бөлініп, құрылысына жобалау жұмыстары жүргізілуде. «Түркістан қаласында жоғары мәртебелі шейх Мұхаммед Бен Заид Аль Нахаян атындағы 80 орындық перзентхана құрылысы» бойынша Біріккен Араб Әмірліктерінің «Абу-Даби» қорымен келіссөздер жүргізілді. Құрылыс жобасына жобалық-сметалық құжаттама әзірленді. Қазіргі таңда демеуші тарапынан мердігермен келісімшартқа түру бойынша ресми келісім күтілуде. «Түркістан қаласындағы 210 төсек орындық облыстық балалар ауруханасының құралысы» жобасы әзірленуде.

Денсаулық сақтау саласында білікті кадрлар даярлауға да үлкен мән берілуде. Кадрлар даярлау бойынша 2023 жылы Д. С а т ы б а л д ы н ы ң қолдауымен бейінді мамандар даярлау үшін резидентураға 60 грант, орта медициналық қызметкерлерді даярлау үшін 650 грант бөлінген болатын. Биыл резидентураға 139 грант, орта медициналық қызметкерлерді даярлау үшін 600 грант бөлу жоспарланып отыр.

Медициналық-техникалық жарақтандыру бойынша өткен жылы жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 10,5 млрд теңгеге 712 дана, оның ішінде, ауыр (маңызды) 32 медициналық құрал-жабдық және 75 дана IV санаттағы жедел-жәрдем автокөлігі сатып алынды. Ал 2024 жылы медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 6 млрд теңге қаржы қарастырылып, 17 дана ауыр медициналық техника алу жоспарлануда.

«Айғақ»-ақпарат.

МЫ ЗА КАЗАХСТАН БЕЗ ТАБАКА!

Табакокурение — это вдыхание дыма от тлеющего табака. В 1988 году Всемирной организацией здравоохранения был установлен «Всемирный День борьбы с курением». Тема, провозглашенная ВОЗ в 2024 году — «Защитить молодежь от манипуляций табачной промышленности». По данным ВОЗ курение табака убивает до половины людей, которые его употребляют. Курение вредит здоровью, последствия курения проявляются позже.

Медицинские исследования указывают на явную связь табакокурения с такими тяжелыми заболеваниями, как рак ротовой полости, рак горла, рак легких, а так же кожные повреждения, псориаз, заболевания сердца, язва желудка, расстройство половой функции, бесплодие и заболевания десен. Горячий табачный дым в первую очередь воздействует на зубную эмаль, со временем на ней появляются микроскопические трещины, потом зуб начинает разрушаться раньше и быстрее, чем у некурящих людей. Под влиянием никотина быстрее изнашиваются также сосуды мозга, просвет их сужается и уменьшается эластичность. Кровь поступает в меньшем количестве, что приводит к нарушению мозгового кровообращения, к кровоизлияниям в мозг. Табакокурение является наиболее частой причиной респираторных заболеваний. У курильщиков выше риск заболеть хронической обструктивной болезнью

легких и раком легких по сравнению с теми, кто не курит. Так же табакокурение может подвергать здоровье ваших детей и родных. Риск развития респираторной болезни у детей возрастает в прямой зависимости от курения родителей, при этом самый высокий уровень риска достигается при курении обоих родителей. 80-90% случаев смерти от хронической обструктивной болезни легких — результат табакокурения.

У курильщиков развивается никотиновая зависимость, которая осложняет отказ от вредной привычки. 1 сигарета содержит 8 до 20 мг никотина, обычно организмом усваивается 1 мг. В сигарете также содержится около 4 тысяч химических веществ, некоторые из которых имеют сильно раздражающие и канцерогенные действия. Большинство табачных зависимых хотят бросить или пытаются это сделать, но сталкиваются с так называемым «синдромом отмены». У них развивается тяга к никотину, тревожность, раздражительность, депрессия, а также увеличивается вес.

Среди молодежи сейчас распространена курение электронных сигарет. Курильщики считают курение электронных устройств абсолютно безопасной имитацией курения, но все чаще в различных источниках публикуются материалы, в которых говорится о том, что вред от курения электронных сигарет сравним с вредом от курения обычных. Курение

электронных устройств не исключает никотиновую зависимость. Так же общее использование одним устройством может привести к заражению гепатитом и туберкулезом.

